

**«ЛОТО Club»
ЛОТЕРЕЯ КЛУБЫНЫҢ ЖҰМЫС
ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

2018 ЖЫЛ

«ЛОТО Club» лотерея клубының
жұмыс жасау және қатысу ережелері

«ЛОТО Club» лотерея клубының жұмыс жасау және қатысу Ережелері (бұдан былай - Ережелер) «ЛОТО Club» лотерея клубтарында (бұдан былай - Лотерея клубы) лотерея Қатысушылары үшін қауіпсіз әрі қолайлы жағдай жасау мақсатында құрастырылған.

Ережелер барлық келушілер мен Қатысушылар үшін орындауға міндетті және келесідей шарттар мен талаптарды қамтиды:

1. 18 жасқа толмаған Тұлғаларға «ЛОТО Club» лотерея клубына кіруге және болуға рұқсат етілмеген.

2. 18 жасқа толған тұлғалар жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсету арқылы лотереяға қатысуға рұқсат алады.

3. «ЛОТО Club» лотерея клубында лотерея Қатысушыларына қолма-қол төлемдер, Қатысушы жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін жасалады.

4. «ЛОТО Club» лотерея клубының Қатысушылары міндеттеледі:

а) жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсетуге;

ә) белгіленген Ережелерді ұстануға;

б) өзін әдепті ұстауға, қоғамдық тәртіптің бұзылуын болдырмауға;

в) «ЛОТО Club» лотерея клубы қызметкерлерінің және күзетшілерінің заңды талаптарын орындауға;

г) ойын орны жабдығы бұзылған жағдайда, бірден «ЛОТО Club» лотерея клубының қызметкеріне ақаулық орын алғандығы туралы хабарлауға және бұзылған жабдықта лотерея сессиясын тоқтатуға. Бұл талап орындалмаған жағдайда, лотерея Қатысушысы бұзылған ойын орны жабдығындағы ойын үшін өз мойнына жауапкершілік алады және «ЛОТО Club» лотерея клубының әкімшілігі бұл жағдайда шағымдарды қабылдамайды.

Ойын орны жабдығында төтенше (ақаулы) жағдай орын алған жағдайда:

- «ЛОТО Club» лотерея клубының қызметкері лотерея Қатысушысынан орын алған жағдайдың сипаттамасы мен шағым көлемі қазақстандық теңгеде көрсетілген өтінішті қабылдайды және бұл жағдай туралы бірден Лотерея клубының әкімшісіне немесе басқарушысына хабарлайды;

- «ЛОТО Club» лотерея клубының қызметкері төтенше жағдай туралы толық ақпаратты жазбаша түрде Лотерея клубының әкімшісіне немесе басқарушысына жолдайды.

- «ЛОТО Club» лотерея клубының әкімшісі немесе басқарушысы техникалық қолдау көрсету қызметі орталығының қызметкерін телефон арқылы немесе тексеруді жүргізетін техникалық қолдау көрсету қызметі орталығына хабарласу арқылы шақырады. Техникалық қолдау көрсету қызметінің шешімі негізінде әкімші немесе басқарушы лотерея Қатысушысына ақшалай қаражатты төлеудің жөнді немесе жөнсіз екендігін дәйектемеде келтіре отырып техникалық жағдай туралы акт жасайды.

- ақшалай қаражат лотерея Қатысушысына лотерея өткізу Шарттарының талаптарына сәйкес және ақшалай қаражатты төлеудің жөндігін дәйектемеде келтіре отырып техникалық жағдай туралы акт негізінде қолма-қол төленеді.

5. Лотерея Қатысушылары, соның ішінде Лотерея клубына келушілер құқылы:

«ЛОТО Club» лотерея клубының
жұмыс жасау және қатысу ережелері

- Лотерея клубының жұмыс жасау тәртібімен танысуға;
- берілген Ережелермен және лотерея өткізу шарттарымен танысуға;
- Лотерея клубы қызметкерлерінен қажетті түсіндірмелерді алуға.

6. Лотерея Қатысушыларына, соның ішінде Лотерея клубына келушілерге, тыйым салынады:

а) Лотерея клубының ішінде есірткілік масаю, токсикоманикалық және қатты алкогольды мастану күйінде болуға;

ә) өзімен бірге рұқсаты барына қарамастан қару, ату жарақтары, уландырғыш және жарылғыш заттар, тез жанғыш сұйықтықтар, басқа да өзге қатысушылар мен Лотерея клубының қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына кері әсерін тигізетін өзін-өзі қорғау заттары мен арнайы құралдарды алып кіруге;

б) қызмет зонасына және Лотерея клубы қызметкерлерінің жұмыс орнына кіруге;

в) Лотерея клубында кез келген кино-, фото-, видеотүсіру мен аудиожазуды жүргізуге;

г) лотереяның кездейсоқ нәтижесіне әсер тигізетін немесе оны алдын-ала білуге мүмкіндік беретін техникалық құрылғыларды қолдануға;

ғ) өзімен бірге спирттік сусындарды алып кіруге;

д) Лотерея клубының мүлігіне қасақана немесе абайсызда зақым келтіру.

Материалдық зиян келтіргені үшін лотерея Қатысушысы және/немесе кіруші Қазақстан Республикасы заңнамасы белгілеген жауапкершілікті мойнына алады.

7. Лотерея клубы қызметкерлерінің талабы бойынша белгіленген Ережелерді бұзған лотерея Қатысушылары, соның ішінде келушілер, Лотерея клубын дереу босату қажет.

8. Лотерея операторы, оның таратушысы (соның ішінде Лотерея клубының қызметкерлері), қатысушыға Лотерея клубына келесідей жағдайларда кіруге рұқсат етпеуге құқылы:

- 4-тармақтың, а) – г) тармақшаларында жазылған Ережелерді бұзса;

- лотереяның кездейсоқ нәтижесіне әсер тигізетін немесе оны алдын-ала білуге мүмкіндік беретін техникалық құрылғыларды қолданғаны құжат жүзінде рәсімделіп дәлелденсе;

9. Лотерея операторы, оның таратушысы (соның ішінде Лотерея клубының қызметкерлері), қатысушыға Лотерея клубына басқа да жағдайларда себебін түсіндірмей кіруге рұқсат етпеуге құқылы.

10. Лотерея клубының қызметкерлеріне тыйым салынады:

- Лотерея клубына Лотерея клубы қызметкерлерінің қарапайым мінез-құлық ережелерін, белгілеген Ережелерді және (немесе) лотереяны өткізу шарттарын орындаудан бас тартқан жеке тұлғаларды кіргізуге;

- 18 жасқа толмаған Тұлғаларды Лотерея клубына кіргізуге;

11. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Лотерея клубына лотерея Операторымен немесе оның өкілімен алдын ала келісіп және арнайы өкілетті лауазымды тұлғамен бірге кіруге рұқсат етіледі.

12. Қатысушы берілген Ережелермен лотерея басталмас бұрын таныспаса, Лотерея клубының әкімшілігі оны берілген Ережелердің барлық талаптарымен келіседі деп есептейді.